**Азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналын аттестаттау ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1402 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 442 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.25 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналын аттестаттау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1402 қаулысымен бекітілген

## Азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналын аттестаттау ережесі

Осы Азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналын аттестаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) ИКАО халықаралық азаматтық авиация ұйымы стандарттары мен ұсыныстарын (Халықаралық азаматтық авиация туралы 1944 жылғы 7 желтоқсандағы Чикаго конвенциясына 1-қосымша мен DOC 9379-AN/916) ескере отырып, "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе

кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы заң күші бар N 2697 Жарлығына сәйкес әзірленді.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже авиациялық персоналды аттестациядан өткізу тәртібін, шарттары мен мерзімділігін, сондай-ақ авиациялық персоналға қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) аттестаттау - уәкілетті органның аттестациялық комиссиясы өткізетін авиациялық персоналдың кәсіби білімі мен практикалық дағдыларын тексеру рәсімі;

2) борттық электронды жабдықтар - электрлік бөлігін қоса алғанда, әуе кемесінің бортында пайдалануға арналған кез келген электронды құрылғы, оның ішінде радиожабдық, ұшуды автоматты басқару жүйесі және аспаптық жабдық;

3) тікұшақ - ұшуда негізінен шамамен тігінен орналасқан ось айналасындағы күш қондырғыларының әсерімен айналатын бір немесе бірнеше жеткізгіш бұрамалары бар, ауаның қарсы әсері есебінен қалықтайтын ауадан ауырлау әуе кемесі;

4) бір ұшқышпен ұшу үшін сертификатталған әуе кемесі - сертификаттау кезінде қабылданған тіркеу мемлекетінің шешімі бойынша ең аз құрамдағы ұшу экипажы, атап айтқанда бір ұшқыш қауіпсіз пайдалана алатын әуе кемесінің түрі;

5) аспаптар бойынша ұшу уақыты - ұшқыштың әуе кемесін сыртқы бағдарларды пайдаланбай, тек қана аспаптар бойынша басқарып ұшатын уақыты;

6) планердің ұшу уақыты - планердің ұшу кезінде қозғала бастаған сәтінен бастап және ұшу аяқтағаннан кейін оның тоқтаған сәтіне дейінгі тіркеп сүйретумен немесе тіркеп сүйретусіз ұшуда болуының жалпы уақыты;

7) екінші ұшқыш - әуе кемесі командирінің функциясынан басқа, ұшқыштың кез келген функциясын орындайтын желілік ұшудың қолданыстағы

куәлігі (сертификаты) бар ұшқыш; бұған әуе кемесінің бортында ұшуға даярлықтан өту мақсатында ғана болған ұшқыш қосылмайды;

8) біліктілік белгісі - куәлікте жасалған немесе соған қатысы бар және соның бір бөлігі болып табылатын жазба, онда осы куәлікке қатысты ерекше шарттар, құқықтар немесе шектеулер көрсетіледі;

9) әуе кемесінің командирі (бұдан әрі - ӘКК) - ұшқыштың қолданыстағы куәлігі (сертификаты), сондай-ақ әуе кемесін өз бетімен басқару үшін қажетті даярлығы мен тәжірибесі бар адам;

10) экипаждың ұшу құрамы - осы үлгідегі әуе кемесін және (немесе) оның жабдықтарын ұшуда пайдалану құқығына арнайы даярлығы мен куәлігі ( сертификаты) бар экипаж мүшелері;

11) медициналық анықтама - авиациялық персонал куәлігі (сертификаты) иесінің денсаулығының жай-күйі бойынша жарамдылығына қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын және медициналық куәландырудың нәтижелері бойынша берілетін белгіленген нысандағы құжат;

12) нұсқаушымен ұшу - қандай да бір тұлғаның тиісті куәлігі бар ұшқыш - нұсқаушымен бірге әуе кемесінің бортында ұшу даярлығынан өтетін ұшу уақыты .

13) планер - қозғалысқа күш қондырғыларымен келтірілмейтін, көтерілу күші негізінен ұшудың осы жағдайында қозғалыссыз қалатын жоғары қабаттағы аэродинамикалық қарсы әсер есебінен құрылатын ауадан ауырлау әуе кемесі;

14) ұшу уақыты - ӘК двигательдерін іске қосу кезінен бастап, ұшу аяқталғаннан кейін оларды өшіруге дейінгі ұшу уақыты;

Жоғарыда көрсетілген "ұшатын уақыт, ұшу уақыты" деген термин жалпыға бірдей "толық ұшатын уақыт" немесе "қалыптарды жинаудан бастап оларды орнатқанға дейінгі уақыт" деген терминдердің синонимі болып табылады, ол әуе кемесінің тиеу пунктінен қозғалу сәтінен бастап оның түсіру пунктіне тоқтағанға дейін өлшенеді.

15) ұшақ - қозғалысқа күш қондырғыларымен келтірілетін, көтерілу күші негізінен ұшудың осы жағдайында қозғалыссыз қалатын жоғары қабаттағы

аэродинамикалық қарсы әсер есебінен болатын ауадан ауырлау әуе кемесі;

16) авиациялық персоналдың куәлігі (сертификаты) (бұдан әрі - куәлік ( сертификат) - авиациялық персоналға жатқызылған тұлғада қажетті білім мен дағдылардың болуын, сондай-ақ оның денсаулығының белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына уәкілетті орган беретін куәлік (сертификат).

3. Аттестаттаудың негізгі міндеті авиациялық персоналдың кәсіби даярлық деңгейін анықтау, авиациялық персоналды олардың біліктілігіне сәйкес ұтымды іріктеу және бөлу, ұшудың қауіпсіздігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету болып табылады.

4. Аттестаттау:

1) авиациялық персоналдың кәсіби деңгейін растау (біліктілік сыныбын растау);

2) кезекті біліктілік сыныбын беру мақсатында жүргізіледі.

5. Авиациялық персоналды жіктеу үш біліктілік сыныптары (бұдан әрі - сыныптар): үшінші, екінші және бірінші сыныптар бойынша анықталады.

Бірінші жоғары сынып болып табылады.

Біліктілік сыныбын беру кезінде кезектілікті сақтау қажет: үшінші, екінші және бірінші.

6. Аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті органда Аттестаттау комиссиялары ( бұдан әрі - АК) және Жоғары біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - ЖБК) құрылады. ЖБК мен АК-тың дербес құрамы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі. ЖБК мен АК-тың құрамына уәкілетті органның, ғылыми ұйымдар мен азаматтық авиация ұйымдарының мамандары (келісім бойынша) енгізіледі.

ЖБК мен АК аттестация жүргізу мерзімдерін анықтайды, аттестатталғанның жұмысына талдау жүргізеді, аттестация қорытындысы бойынша шешім шығарады.

7. Уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген аттестаттауға жататын Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиациясының

авиациялық персонал лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесінде көзделген қызметті атқаратын адамдар аттестаттауға жатады.

8. Уәкілетті органның АК:

1) 1-сыныпты растау және куәліктің (сертификаттың) жарамдылық мерзімін ұзарту мақсатында, сондай-ақ осы Ереженің 30-тармағында көзделген жағдайларда авиациялық персоналды аттестаттауды жүргізеді;

2) 1-сыныпты беру мақсатында авиациялық персоналды (бортсеріктер мен бортмеханиктерден басқа) аттестаттауды жүргізеді;

3) ұшудың ерекше жағдайларында көрсеткен жоғары шеберлігі үшін авиациялық персоналға мерзімінен бұрын 1-сынып береді;

4) авиациялық персонал ұшудың қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін іс-қимыл жасаған немесе кәсіби сапасын жоғалтқан жағдайда сыныбын төмендетеді.

9. Уәкілетті органның аттестаттау комиссиялары:

1) 3, 2-сыныптарды растау мақсатында авиациялық персоналды аттестаттауды және 1-сыныпты растау мақсатында бортсеріктер мен бортмеханиктерді аттестаттауды, сондай-ақ тиісінше куәліктердің (сертификаттардың) жарамдылық мерзімін ұзартуды жүргізеді;

2) 2-сыныпты беру мақсатында авиациялық персоналды аттестаттауды жүргізеді;

3) кәсіби деңгейін растау мақсатында аса жеңіл авиацияның авиациялық персоналын аттестаттауды жүргізеді және аса жеңіл авиация саласындағы тиісті қауымдастықтар мен федерациялардың ұсынымы бойынша куәліктер (сертификаттар) береді.

10. Мемлекеттік авиация маманының біліктілік сыныбы бар авиациялық персонал мемлекеттік авиациядан азаматтық және эксперименттік авиацияға жұмысқа қабылданған кезде ЖБК-да аттестаттаудан өтеді. Оң аттестаттау кезінде әуе кемелерінің игерілген үлгілерінде жұмыс істеу тәжірибесін ескере

отырып, бір жылдан кейін сыныбын көтеруге ұсыныс жасау құқығымен, азаматтық авиацияның авиациялық персоналының бір сынып төмен біліктілік сыныбы беріледі.

## 2. АТТЕСТАТТАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДІЛІГІ

11. Кәсіби деңгейін растау (біліктілік сыныбын растау) мақсатында авиациялық персоналды аттестаттау жыл сайын не авиациялық оқиға болған кезде жүргізіледі.

12. Кезекті сыныпты алу мақсатында аттестаттаудан өтуге ниет білдірген авиациялық персоналдың тұлғалары ЖБК мен АК өтінішін береді. ЖБК мен АК 10 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде өтінішті қарайды және авиациялық персоналға жататын тұлғаны аттестаттауға жіберу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

13. Жыл сайын, 1 желтоқсаннан кешіктірмей, азаматтық авиация ұйымдары ЖБК-ға және АК-ға авиациялық персоналдың сыныбын көтеру мақсатында келесі жылға арналған аттестаттау үшін өтінімдер ұсынады. Өтінімдер әуе кемелерінің үлгілері, мамандықтары бойынша және тоқсандар бойынша аттестаттаудың мерзімін көрсете отырып жасалады. Алынған өтінімдердің негізінде ЖБК және АК сыныпты көтеру үшін аттестаттау жоспар-кестелерін жасайды, олар азаматтық авиация ұйымдарының танысуына жатады.

14. Кезекті сыныпты беру мақсатында авиациялық персоналды аттестаттау үшін азаматтық авиацияның ұйымдары ЖБК мен АК-қа мынадай құжаттарды жібереді:

1) 2 данада ұсыным;

2) біліктілік сыныбын беруге арналған қолдаухат;

3) ұшу кітабынан ұшу сағаттары туралы, ӘКК берілген минимумы туралар (ұшу құрамының қалған тұлғалары үшін өзіндік жұмысқа рұқсат қағаздар) үзінді көшірмелер, азаматтық авиация ұйымының мөрімен және оның уәкілетті лауазымды тұлғасының қолымен расталған медициналық анықтаманың көшірмесі;

4) ұшуды тексеру актілері (ұшу, ұшақты жүргізу және ұшудағы практикалық жұмыс техникасы);

5) диспетчерлік құрам үшін практикалық дағдыларды тексеру актілері.

15. Аттестаттаудан өту үшін ЖБК-ға (АК-ға) келген адамдардың өзімен бірге:

1) авиациялық персоналдың қолданыстағы куәлігі (сертификаты);

2) ұшу кітапшасы (ұшқыштар құрамының адамдары үшін);

3) мамандығы бойынша оқу орнын бітіргені туралы диплом;

4) медициналық анықтама;

5) пішінді киімде бас киімсіз түскен 3,5х4,5 см. мөлшеріндегі үш фотосуреті ( куәлікті бастапқыда берген немесе ауыстырған кезде) болуы тиіс.

16. Кезекті сыныпты алу мақсатында аттестаттауға ЖБК-ға (АК-ға) табыс етілген құжаттар кандидатты аттестаттауға жіберу туралы комиссия шешімі қабылданғаннан кейін үш ай ішінде жарамды.

17. Кезекті сынып алуға құжаттарды табыс еткеннен кейін кандидат кәсіптік даярлықтан тексеруден өтеді. Ол кәсіптік теориялық білім мен практикалық дағдыларды тексеруді қамтиды.

18. Бір емтиханды тапсыру уақыты 20 минуттан аспайтын уақытты құрайды: бір күнде ЖАК екіден аспайтын, АК - үштен аспайтын емтихан өткізеді.

19. ЖБК-да (АК-та) арнаулы пәндер немесе практикалық жұмыс бойынша талап етілгеннен төмен баға алған кандидаттардың сыныбы көтерілмейді.

20. Арнаулы пәндер немесе практикалық жұмыс бойынша білімін тексерген кезде білім деңгейі осы Ереженің талаптарына сай келмейтінін көрсеткен кандидаттар, сыныбын көтеру үшін қайта тексеруге 3 айдан кейін жіберілуі мүмкін.

21. Сыныбын көтерген кезде алынған бағалар дербес жұмысқа жіберу және куәліктің қолданылу мерзімін бір жылға ұзарту мақсатында авиациялық персоналды қатарға енгізу үшін жарамды болады.

22. Кандидаттардың практикалық жұмысын тексеру уәкілетті орган бекітетін бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

Сыныбын көтеруге ұсынылған авиациялық персоналдың ұшқыштар құрамының ұшудағы практикалық жұмысын тексеруді ЖБК (АК) мүшелері жүргізеді.

23. Екінші сыныпқа көтеруге ұсынылған авиациялық персоналдың ұшқыштар құрамының ұшудағы практикалық жұмысын тексеруді АК төрағасының нұсқауы бойынша азаматтық авиация ұйымының ұшқыштар бөлімшелерінің командалық-ұшу құрамы жүргізуі мүмкін.

24. Сыныбын көтеру кезінде ұшуда практикалық жұмысты тексеру нәтижелері 3 ай ішінде жарамды.

25. Кандидаттардың практикалық жұмысын бағалау бес баллдық жүйе бойынша жүргізіледі, сонан соң практикалық тексеру актісінде "берілген сыныпқа сәйкес (сәйкес емес)", "сыныбын көтеруге лайықты (лайықты емес)" деп көрсетіледі.

26. Сыныбын көтеруге кандидаттардың әуеде басқарып ұшу, ұшақ жүргізу және практикалық жұмыс техникасын тексеруді кандидат сыныбынан жоғары сыныбы бар мамандар жүргізеді.

27. Сынып беруге арналған теориялық білімді, ұшудағы практикалық жұмысты тексергеннен және кандидаттармен әңгімелескеннен кейін ЖБК (АК) мүшелері тиісті шешім қабылдайды.

28. Ұшу жұмысын регламенттейтін құжаттардың талаптарын бұзған авиациялық персонал уәкілетті орган бұйрық шығарған күннен бастап бір ай ішінде берілген сыныбын ЖБК-ға растауға міндетті.

Уәкілетті орган сыныбын растауға арналған аттестаттаудан өтпеген тұлғалардың куәлігінің (сертификатының) әрекет етуін тоқтатады.

Сыныбы төмендетілген авиациялық персонал тұлғалары келесі сыныпты беруге аттестаттауға мамандығы бойынша жұмыс істегеннен кейін кемінде бір жылдан кейін жіберіледі.

Тәртіптік жазасы бар авиациялық персонал тұлғалары кезекті сыныпты алуға аттестаттауға ол белгіленген тәртіппен алынғаннан кейін жіберіледі.

Аса жеңіл авиацияның авиациялық персоналы ұшу ережелерін және әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзған жағдайда куәліктің (сертификаттың) әрекет

етуін уәкілетті орган кезекті аттестацияға дейін тоқтатуы мүмкін.

29. Авиациялық оқиғаның туындауына кінәлі авиациялық персонал тұлғалары кезекті сыныпты беруге әуе кемесінің осы үлгісінде авиациялық оқиғадан кейін кемінде үш жылдан және кемінде 500 сағат ұшқаннан кейін аттестаттауға жіберілуі мүмкін.

30. Авиациялық персонал денсаулығының жай-күйі бойынша жарамдылыққа қойылатын медициналық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

31. Авиациялық персоналды аттестаттаудың қорытындылары бойынша ЖБК (АК):

1) берілген сыныпты растау және куәліктің (сертификаттың) қолданылу мерзімін ұзарту туралы;

2) кезекті сыныпты беру және куәлікке (сертификатқа) тиісті өзгерістер енгізу туралы;

3) сыныбын төмендету және куәлікке (сертификатқа) тиісті өзгерістер енгізу туралы;

4) сыныбын растамау және куәліктің (сертификаттың) қолданылуын тоқтату туралы шешімдердің бірін шығарады.

32. Шешім ЖАК (АК) хаттамасымен ресімделеді. ЖБК (АК) мәжілісі, егер оған ЖАК (АК) жалпы мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса заңды деп саналады. Шешім ЖАК (АК) мүшелерінің мәжілісінде қатысқандар санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады; ЖАК (АК) мүшелерінің берілген дауыстары тең болған кезде ЖАК (АК) төрағасы дауыс берген шешім қабылданған деп саналады.

## 3. АСА ЖЕҢІЛ АВИАЦИЯНЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ ПЕРСОНАЛЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

33. Ұшқыш-кәсіпқойлар аттестаттаудан өту үшін мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) жасы 17-ден кем емес;

2) оқыту процесін қамтамасыз ететін кез келген меншік нысанындағы оқу ұйымдарында, сондай-ақ аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінде әуе спорты бойынша оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарының шеңберінде алынған теориялық дайындығының болуы;

3) бағалау парағында көрсетілген арнайы пәндерді білуі (1-қосымша);

4) кәсіби даярлық деңгейіне сәйкес әуе кемесін басқара білуге, метеорологиялық жағдайларды талдай білуі және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде дұрыс шешім қабылдай білуі.

34. Коммерциялық авиацияның ұшқышы аттестаттаудан өту үшін мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) жасы 18-ден кем емес;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұшу мамандарының кәсіби білім алуын, біліктілігін көтеруін қамтамасыз ететін аккредиттелген авиациялық оқу орындарында алған теориялық дайындығының болуы;

3) бағалау парағында көрсетілген арнайы пәндерді білуі (1-қосымша);

4) кемінде 12 ай ұшқыш-кәсіпқой ретінде практикалық қызметінің болуы;

5) қосымша ұшу дайындығының болуы;

6) кәсіби даярлық деңгейіне сәйкес әуе кемесін басқара, метеорологиялық жағдайы талдай және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде дұрыс шешім қабылдай білуі.

## 4. ЖЕЛІЛІК ҰШҚЫШТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

35. Желілік ұшқыштар аттестаттаудан өтуі үшін мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) "Ұшқыш" мамандығы бойынша авиациялық оқу орнының көлемінде арнаулы білімі болуы;

2) бағалау парағында көрсетілген арнаулы пәндерді білуі (2-қосымша);

3) кәсіби даярлық деңгейіне сәйкес әуе кемесін басқара білуі, борт жүйелерін, пилотаждық-навигациялық кешендерді пайдалана, метеорологиялық жағдайды талдай және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде дұрыс шешім қабылдай білуі.

36. Желілік ұшқыштың үшінші сыныбы "Ұшқыш" мамандығы бойынша ұшқыштық оқу орындарында оқудың толық курсын бітірген адамдарға, Мемлекеттік емтихан комиссиясы шешімінің негізінде оқу орны бастығының бұйрығымен беріледі.

37. Желілік ұшқыштың екінші сыныбы:

1) ұшуға жіберілген екінші сыныпты ұшақтарда ИКАО І-санатының метеорологиялық минимумы бойынша, ал 3-сыныпты ұшақтарда - ауа-райының шекті минимумы бойынша кемінде 2300 сағат жалпы авариясыз ұшуға, оның 100 сағатын түнде ұшуға, ӘКК ретінде 500 сағат дербес ұшуға ие 2 және 3-сыныпты ӘӘК;

2) кемінде 2000 сағат жалпы авариясыз ұшуға, оның 50 сағатын түнде ұшуға, оның ішінде ӘКК ретінде кемінде 500 сағат дербес ұшуға ие 4-сыныпты ұшақтардың, тікұшақтардың ұшқыштарына;

3) кемінде 2300 сағат жалпы авариясыз ұшуға, олардың 200 сағатын түнде ұшуға, оның ішінде басқа үлгілердегі ӘК-де ӘКК ретінде кемінде 500 сағат дербес ұшуға ие және ӘК командирінің қатарына енгізуге кандидат болып табылатын 1 және 2-сыныпты ұшақтардың екінші ұшқыштарына;

4) жоғары ұшқыштық оқу орнын бітірген және 1 және 2-сыныпты әуе кемелеріне қайта оқытылған, кемінде 2500 сағат авариясыз ұшуға, оның 300 сағатын түнде ұшуға ие, әуе кемелері командирлерінің қатарына қосылуға үміткер болып табылатын екінші ұшқыштарға;

5) 1-сыныпты тікұшақтарда ұшу оқу орнын бітірген, 1-сыныпты тікұшақтарда кемінде 2500 сағат авариясыз ұшуға ие, ӘК командирінің қатарына қосылуға үміткер болып табылатын 1-сыныпты тікұшақтардың екінші

ұшқыштарына;

6) кемінде 2000 сағат авариясыз ұшуға, оның ішінде басқа сыныптардағы тікұшақтарда 500 сағат дербес ұшуға ие және 1-сыныпты тікұшақтарда әуе кемелері командирлерінің қатарына табысты өткен 1-сыныпты тікұшақтардың екінші ұшқыштарына;

7) 2000 сағат жалпы авариясыз ұшуға, оның 50 сағатын түнде ұшуға ие 3-сыныпты ұшақтардың екінші ұшқыштарына беріледі.

Екінші сынып беруге ұсынылған үміткерлер кемінде 3 жыл ұшқыш ретінде ұшқыштық жұмысы өтілі, оң мінездемесі және ұшу мен ұшақты жүргізу техникасы бойынша, бағалау парағының 3, 4-тармақтарында көрсетілген пәндер бойынша "Бес" деген, ал қалған пәндер бойынша кемінде "Төрт" деген бағалары болуы тиіс (2-қосымша).

38. Желілік ұшқыштың бірінші сыныбы:

1) кемінде 3500 сағат жалпы авариясыз ұшуға, олардың 200 сағатын түнде ұшуға, 1000 сағат дербес ұшуға, оның ішінде 1-сыныптағы ұшақтарда 500 сағат дербес ұшуға ие және ИКАО-ның 1-санаттағы метеорологиялық минимумы бойынша ұшуға жіберілген 1-сыныпты ұшақтардың командирлеріне (Ил-86, Ил-96, Ту-204-тен басқа);

2) кемінде 3500 сағат жалпы авариясыз ұшуға, оның 200 сағатын түнде ұшуға, кемінде 1500 сағат дербес ұшуға оның ішінде 2-сыныпты ұшақтарда 500 сағат дербес ұшуға ие және 1-санаттағы бойынша ұшақтарда ұшуға жіберілген 2-сыныпты ұшақтардың командирлеріне;

3) кемінде 3500 сағат жалпы авариясыз ұшуға, оның 200 сағатын түнде ұшуға, кемінде 1500 сағат дербес ұшуға, оның ішінде 3-сыныпты ұшақтарда 500 сағат дербес ұшуға ие және ең шекті ауа райы бойынша ұшуға жіберілген 3-сыныпты ұшақтардың командирлеріне;

4) кемінде 4000 сағат жалпы авариясыз ұшуға, оның 200 сағатын түнде ұшуға, кемінде 500 сағат дербес ұшуға және 1-сыныпты ұшақтарда екінші ұшқыш ретінде кемінде 500 сағат ұшуға ие 1-сыныпты ұшақтардың екінші ұшқыштарына;

5) жоғары ұшқыштық оқу орнын бітірген және 1-сыныпты ӘК-ге қайта оқыған, кемінде 4500 сағат авариясыз ұшуға, оның 200 сағатын түнде ұшуға ие,

әуе кемесі командирінің қатарына қосылуға үміткер болып табылатын екінші ұшқышқа;

6) кемінде 3000 сағат жалпы авариясыз ұшуға, олардың 50 сағатын түнде ұшуға, кемінде 1000 сағат дербес ұшуға ие және авиабөлімше орналасқан жердегі ауа райының ең шекті минимумы бойынша ұшуға жіберілген 4-сыныпты ұшақтардың командирлеріне;

7) кемінде 3500 сағат жалпы авариясыз ұшуға олардың 50 сағатын түнде ұшуға, кемінде 1500 сағат дербес ұшуға ие және авиабөлімше орналасқан жердегі ауа райының ең шекті минимумы бойынша ұшуға жіберілген 1 және 2-сыныпты тікұшақтардың командирлеріне беріледі.

Бірінші сынып беруге ұсынылған үміткерлердің кемінде 3 жыл 2-сыныпты пилот ретінде ұшқыштық жұмыс өтілі, оң мінездемесі және басқарып ұшу мен ұшақ жүргізу техникасынан, бағалау парағының 1, 2, 3, 4, 5-тармақтарында көрсетілген пәндер бойынша "Бес" деген, ал қалған пәндер бойынша - кемінде " Төрт" деген бағалары ие болуға тиіс (2-қосымша).

## 5. ШТУРМАНДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

39. Штурмандар аттестаттаудан өту үшін мынадай талаптарға жауап беруі:

1) штурмандық оқу орнының көлемінде "штурман" мамандығы бойынша арнаулы білімінің болуы немесе ұшқыштардың қатарынан арнаулы бағдарламалар бойынша даярлықтан өтуі;

2) бағалау парағында көрсетілген арнаулы пәндерді білуі (3-қосымша);

3) ұшақ жүргізудің осы заманғы әдістерін меңгеруі, жерде және ұшуда навигациялық жабдықтарды пайдалана білуі, ұшақ жүргізу мақсатында борттағы радионавигациялық аппаратураларды пайдалануы, екі жақты радиобайланыс жүргізуі, метеорологиялық жағдайды талдауы, ұшу карталарын оқуы және ұшу барысында оларды пайдалануы, естуі бойынша жеткізуші радиостанцияның сигналдарын қабылдай білуі тиіс.

40. Штурманның үшінші сыныбы:

1) "штурман" мамандығы бойынша авиациялық оқу орнының түлектеріне;

2) арнайы бағдарламалар бойынша қайта даярлаудан өткен ұшқыштарға беріледі.

41. Штурманның екінші сыныбы штурман лауазымында жалпы авариясыз ұшу кезінде:

1) 4, 3, 2, 1-сыныпты ұшақтар мен тікұшақтарда кемінде 1500 сағат ұшқан штурмандарға, ал ұшқыштар қатарынан қайта оқытылғандарға штурман ретінде кемінде 50% ұшқан кезде;

2) 4, 3-сыныпты ұшақтар мен тікұшақтарда ұшатын, штурман-нұсқаушы лауазымында үздіксіз және кемінде 3 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар, кемінде 1200 сағат, олардың 50 сағатын түнде ұшқан, АА ұшқыштық жоғары оқу орындарының штурмандық құрамының адамдарына беріледі.

Штурманның екінші сыныбын беруге ұсынылған үміткерлердің оң мінездемесі және бағалау парағының 6-тармағында көрсетілген пәндер бойынша "бес" деген, қалған пәндер бойынша және ұшақты жүргізу техникасы бойынша кемінде "төрт" деген бағаларға ие болуға тиіс (3-қосымша).

42. Штурманның бірінші сыныбы штурман лауазымында жалпы авариясыз ұшу барысында:

1) 2500 сағат, олардың 400 сағатын түнде ұшқан 1-сыныпты ұшақтардың штурмандарына;

2) кемінде 3000 сағат, олардың 400 сағатын түнде ұшқан, ал пилоттар қатарынан қайта оқытылғандар штурман ретінде кемінде 50% ұшқан 2 және 3-ші сыныпты ұшақтардың штурмандарына;

3) ұшу отрядының (бұдан әрі ҰО) штурманы лауазымында үздіксіз және кемінде 3 жылдан жоғары жұмыс стажы бар, кемінде 2500 сағат, соның ішінде 100 сағатын түнде ұшқан, АА ұшқыштық жоғары оқу орындарының штурмандық құрамының адамдарына беріледі.

АА штурманының бірінші сыныбын беруге ұсынылған үміткерлердің оң мінездемесі және ұшақ жүргізу техникасы бойынша, бағалар парағының 1, 2, 3, 6 , 8, 10, 11-тармақтарында көрсетілген пәндер бойынша "бес" деген және қалған пәндер бойынша кемінде "төрт" деген бағалары болуға тиіс (3-қосымша).

## 6. БОРТИНЖЕНЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

43. Бортинженерлер аттестаттаудан өту үшін мынадай талаптарға жауап беруі :

1) жоғары білімнің болуы (1610 мамандығы - "Әуе кемелерін және авиақозғалтқыштарды пайдалану жөніндегі инженер-механик") және бекітілген бағдарламалар бойынша арнайы дайындықтан өтуі;

2) бағалау парағында көрсетілген арнаулы пәндерді білуі (4-қосымша);

3) осы үлгідегі ӘК-ні ұшуда пайдалану жөніндегі басшылықта (бұдан әрі - ҰПБ) көзделген бортинженердің (бортмеханиктің) міндеттеріне сәйкес ӘК жерде және ұшуда пайдалана білуі тиіс.

44. Бортинженердің үшінші сыныбы:

дайындықтың бар бағдарламаларына сәйкес, осы Ереженің талаптарына жауап беретін және бортинженер ретінде дербес жұмыс істеуге рұқсат алған авиация персоналына беріледі.

45. "Бортинженер" мамандығы бойынша даярлықтан өткен жоғары оқу орындарының түлектеріне бортинженер куәлігі (сертификаты) диплом алумен бір мезгілде және кейіннен тағлымдама бағдарламасынан өткеннен кейін дербес жұмыс істеуге жіберілгеннен және азаматтық авиация ұйымдарының қатарына қосылғаннан кейін беріледі.

46. Бортинженердің үшінші сыныбы берілуге ұсынылатын үміткерлердің оң мінездемесі және тренажерда жұмыс істеуден, ұшудан практикалық жұмыс бойынша тексерістен және бағалау парағында көрсетілген пәндер бойынша "төрт " деген бағаға ие болуға тиіс (4-қосымша).

47. Бортинженердің екінші сыныбы:

1) кемінде 1500 сағат авариясыз ұшуға ие бортинженерлерге;

2) бортинженер лауазымына тағайындалған, осы Ереженің талаптарына сай келетін және бортинженер ретінде дербес ұшуға рұқсат алған, бортинженер ретінде 200 сағат дербес ұшқан екінші сыныпты бортмеханиктерге;

3) бортинженер лауазымындағы, бірақ бортмеханик куәлігі (сертификаты) бар және кемінде 1500 сағат жалпы авариясыз ұшқан, "әуе кемесін және авиақозғалтқыштарды пайдалану жөніндегі инженер-механик" мамандығы

бойынша жоғары білімді есептемегенде, осы Ереженің талаптарына сай келетін мамандарға беріледі.

Бортинженердің екінші сыныбын беруге ұсынылатын үміткерлер, тренажерда жұмыс істеуден және ұшудан практикалық жұмыс бойынша тексерістен кемінде "төрт" деген баға алуға, оң мінездемесінің және бағалау парағының 4-тармағында көрсетілген пән бойынша "бес" деген бағаға, ал қалған пәндер бойынша кемінде ""төрт"" деген бағаға ие болуға тиіс (4-қосымша).

48. Бортинженердің бірінші сыныбы:

1) кемінде 3000 сағат жалпы авариясыз ұшқан бортинженер ретінде 200 сағат дербес ұшқан 2-сыныпты бортмеханиктерге;

2) бортинженер лауазымына тағайындалған, осы Ереженің талаптарына сай келетін және бортинженер ретінде дербес ұшуға рұқсат алған, бортинженер ретінде 200 сағат дербес ұшқан бірінші сыныпты бортмеханиктерге;

3) бортинженер лауазымындағы, бірақ бірінші немесе екінші сыныпты бортмеханик куәлігі бар және кемінде 3000 сағат жалпы авариясыз ұшқан, 1610 мамандығы бойынша жоғары білімді есептемегенде, осы Ереженің талаптарына сай келетін мамандарға беріледі.

Бортинженердің бірінші сыныбын беруге ұсынылатын үміткерлердің оң мінездемесі және тренажерда жұмыс істеуден және ұшудан практикалық жұмыс бойынша тексерістен, бағалау парағының 1, 2, 4, 6, 7, 10, 11-тармақтарында көрсетілген пәндер бойынша "бес" деген бағаға, ал қалған пәндер бойынша - " төрттен" төмен емес бағаға ие болуы тиіс (4-қосымша).

## 7. БОРТМЕХАНИКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

49. Бортмеханиктер аттестаттаудан өту үшін мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) жоғары ("Әуе кемелерін және авиақозғалтқыштарды пайдалану жөніндегі инженер-механик" мамандығы) немесе арнаулы орта білімі ("әуе кемелерін және авиақозғалтқыштарды пайдалану жөніндегі техник-механик " мамандығы (бұдан әрі - 0579 мамандығы) болуы және бекітілген бағдарламалар бойынша арнайы дайындықтан өтуге;

2) бағалау парағында көрсетілген арнайы пәндерді білуге (4-қосымша);

3) ӘК жерде және ұшу барысында, осы үлгідегі әуе кемелерін ӘК ҰПН-да көзделген бортмеханиктің (бортинженердің) міндеттеріне сәйкес пайдалана білуге тиіс.

50. Бортмеханиктің үшінші сыныбы осы Ереженің талаптарына сай келетін, дайындықтың бар бағдарламаларына сәйкес бортмеханик ретінде дербес жұмыс істеуге рұқсат алған мамандарға беріледі.

51. Бортмеханиктің 3-сыныбы берілуге ұсынылатын үміткерлердің оң мінездемесі және тренажерда жұмыс істеуден, ұшудан практикалық жұмыс бойынша тексерістен және бағалау парағында көрсетілген пәндер бойынша "төрт" деген бағаға ие болуға тиіс (4-қосымша).

52. Екінші сынып кемінде 1500 сағат жалпы авариясыз ұшқан бортмеханиктерге беріледі.

53. Бортмеханиктің екінші сыныбын беруге ұсынылатын үміткерлер тренажерда жұмыс істеуден және ұшудан практикалық жұмыс бойынша тексерістен "төрттен" төмен емес бағаға, оң мінездемесінің болуы және бағалау парағының 4-тармағында көрсетілген пән бойынша емтиханды "бес" деген бағаға тапсыруға, ал қалған пәндер бойынша - "төрттен" төмен емес бағаға ие болуға тиіс (4-қосымша).

54. Бортмеханиктің бірінші сыныбы кемінде 3500 сағат жалпы авариясыз ұшқан бортмеханиктерге беріледі.

